ЦЕСНАБАНК

# «Цеснабанк» акционерлік қоғамының
# («Цеснабанк» АҚ)
# төртінші облигациялық бағдарлама шегіндегі саны 30 000 000 000 дана атаулы купонды облигациялардың екінші шығарылым анықтамалығы

Уәкілетті органның облигациялар шығаруын мемлекеттік тіркеу инвесторларға анықтамалықта сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да бір ұсынымдарды ұсынуды білдірмейді. Облигациялар шығаруды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығы үшін жауапкершілікте болмайды. Облигацияларды шығару анықтамалығы тек Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қана қарастырылған. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы анықтамалықтағы ақпараттың шынайылығы үшін жауапкершілікте болады және ондағы ұсынылған ақпараттың барлығы шынайы болып табылатынын әрі инвесторларды, эмитентке және оның облигацияларына қатысты, адастырушылыққа әкеп соқтырмайтынын растайды.



6

ЦЕСНАБАНК

Осы облигация шығарылымы «Цеснабанк» акционерлік қоғамының төртінші облигациялық бағдарлама анықтамалығымен бір мезгілде 500 миллиард теңге көлемінде жүзеге асырылады. Осы облигация шығарылымы екінші болып табылады.

| Төртінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигацияның бұрынғы шығарылымы туралы мәлімет | | |
|---|---|---|
| | **1 шығарылым** | **Облигация иеленушісіне берілетін құқық** |
| **Уәкілетті органда шығарылымды тіркеу күні** | Тіркелу кезеңінде | Осы облигация шығару анықтамалығында қарастырылған мерзімде облигацияның номиналды құнын алу құқығы;<br>осы облигация шығару анықтамалығында қарастырылған мерзімде сыйақыны алу құқығы;<br>Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте ақпаратты алу құқығы;<br>Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте және жағдайларда өзінің талаптарын қанағаттандыру құқығы;<br>еркімен иеліктен шығу және басқаша түрде облигацияны иелену құқығы;<br>облигацияға жекешелену құқығынан туындайтын басқа да құқықтар. |
| **Облигация саны** | 30 000 000 000 дана | |
| **Номиналды құн бойынша шығарылым көлемі** | 30 000 000 000 тг. | |
| **Орналастырылған облигация саны** | - | |

| Облигациялар шығарылымының құрылымы | |
|---|---|
| **Шығарылатын облигация түрі** | атаулы купонды қамтамасыз етусіз |
| **Шығарылатын облигация саны** | 30 000 000 000 (отыз миллиард) дана |
| **Шығарылатын облигация-лардың жалпы көлемі** | 30 000 000 000 (отыз миллиард) теңге. |
| **Бір облигацияның номиналдық құны** | 1 (бір) теңге |
| **Сыйақы мөлшерлемесі** | Сыйақы мөлшерлемесі – облигацияның номиналды құнынан жылдық 9,25% |
| **Сыйақы есептеудің басталған күні** | Облигация айналымының басталған күні. |
| **Сыйақы төлеу күні мен мерзімділігі** | Облигациялар бойынша сыйақылар төлеу 360/30 (жылда 360 күн / айда 30 күн) уақыт базасы есебінен жылына екі рет, сол сияқты әр алты ай сайын, облигациялардың айналымға түсе бастау күнінен бастап, жыл сайын өтеу мерзіміне дейін жүргізіледі. |
| **Сыйақы төлеудің тәртібі мен шарты** | Сыйақыларды төлеу теңгемен облигация иелерінің ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы жүргізіледі. Сыйақы оны алуға құқығы бар тұлғаларға оларды төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдайға қарай төленеді. Облигациялар бойынша сыйақы төлемдер жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде төленеді. Купондық сыйақы купондық сыйақының жартыжылдық мөлшерлемесіне облигацияның номиналды құнын жүргізу ретінде есептеледі. Егер инвестор Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, сыйақы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ресми бағамы бойынша ЕУРО немесе АҚШ долларымен төлем күні төленеді. Теңге сомасын шетел валютасына айырбастау инвестордың есебінен жүзеге асырылатын болады. |
| **Айналымның басталу күні** | «Қазақстан қор биржасы» АҚ бағалы қағаздар ресми тізіміне облигацияның қосылған күні облигация айналымының басталу күні болып табылады. |
| **Айналым мерзімі** | Айналым басталған күннен 8 жыл |
| **Облигацияларды өтеу шарты мен тәсілі** | Облигациялар айналым мерзімінің соңында облигациялардың номиналды құны бойынша соңғы купондық сыйақы төлеумен бір уақытта теңгемен облигация иесінің |



7

| | |
|---|---|
| | ағымдағы шотына ақша аудару арқылы облигация иелерінің тізіліміне өтеу күніне дейін төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша өтеледі. Облигациялардың номиналды құны мен соңғы купондық сыйақы облигациялар айналымының соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде төленеді. Егер инвестор Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, сыйақы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ресми бағамы бойынша ЕУРО немесе АҚШ долларымен төлем күні төленеді. Теңге сомасын шетел валютасына айырбастау инвестордың есебінен жүзеге асырылатын болады. |
| **Облигацияларды өтеу күні** | Облигацияны өтеудің алғашқы күні облигация айналымы кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күн болып табылады. |
| **Облигацияларды өтеу жүргізілетін орын** | Астана қ., Сығанақ, 24. |
| **Облигациялар бойынша қамтамасыз ету** | Осы шығарылым облигациялары қамсыздандырылған болып табылмайды. |
| **Облигация иеленушілерінің өкілі туралы мәлімет** | Облигацияларды иеленушілердің өкілі «Private Asset Management» АҚ болып табылады, орналасқан мекенжайы: 050020, Алматы қ., Достық д-лы, 339, 3-п. Байланыс телефоны (8727)267-77-17. 2014 жылдың 04 мамырындағы №1 Облигацияларды иеленушілердің өкіліне қызмет көрсету шарты және оған 2014 жылдың 13 қарашасындағы қосымша келісім. |
| **Тіркеуші туралы мәлімет** | «Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ, Алматы қ., Сәтпаев к-сі, 30А/3-үй. Байланыс телефоны (8727)272-47-60. 2014 жылдың 01 қаңтарындағы № 607 шарт. |
| **Облигацияны орналастыруға қатысушы ұйымдар туралы мәлімет** | Эмитент облигацияларды орналастыруды дербес немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аталған қызмет түрімен айналысуға тиісті өкілеттігі бар андеррайтерлерді қатыстыру арқылы жүзеге асырады. |
| **Төлем агенті туралы мәлімет** | Купондық сыйақы мен облигацияның номиналды құнын төлеуді эмитент дербес жүзеге асырады. |
| **Облигация иеленушісіне берілетін құқық** | Осы облигация шығару анықтамалығында қарастырылған мерзімде облигацияның номиналды құнын алу құқығы;<br>осы облигация шығару анықтамалығында қарастырылған мерзімде сыйақыны алу құқығы;<br>Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте ақпаратты алу құқығы;<br>Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигацияға жекешелену құқығынан туындайтын басқа да құқықтар.<br>Эмитент ковенантты бұзған жағдайда облигация иеленушісінің құқығы «Шектеулер (ковенанттар)» бөлімінде анықталған.<br>Облигациялар бойынша осы шығарылымда мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы қарастырылмаған. |
| **Дефолт мәлімденуі мүмкін оқиғалар** | Облигациялар бойынша дефолттың басталуы – бұл облигациялардың купондық сыйақысын және (немесе) номиналды құнын осы Анықтамалыққа сәйкес ақшалай міндеттемелерді төлеу мерзімі аяқталғаннан кейінгі келесі күннен бастап толық төлемеу немесе ішінара төлемеу. Облигация шығарылымының шарттарына сәйкес облигация иеленушілеріне төлеуге міндетті кез келген соманы эмитент төлемеген немесе толық төлемеген, немесе төлеу мерзімін бұзған жағдайда, эмитент ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне (төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күні) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінен есептелетін мерзімін кешіктірген әр күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасына осы облигациялар иеленушілеріне өсімақы төлейді.<br>Осы Анықтамалықпен белгіленген мерзімде ақшалай міндеттемелерді толық немесе ішінара төлемеу күнінен бастап 3 күнтізбелік күн ішінде эмитент облигация иеленушілерін «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттеріне, сондай-ақ эмитенттің (www.tsb.kz) ресми сайтына, «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржы есептемесі депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайтына дефолт фактісін, орындалмаған міндеттемелер көлемін, міндеттемелерді орындамау себебін, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигация иеленушілерінің әрекеттер тәртібін, эмитентке талаптармен жүгінудің мерзімі мен тәртіптерін қоса, ақпараттық хабарлама жариялау арқылы хабарлайды.<br>Осы облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент дефолтты туғызған себептерді жою үшін, сондай-ақ облигация иеленушілерінің құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін шараларды қолданады. Сол үшін эмитенттің |

| | |
|---|---|
| | тиісті органымен дефолтты туғызған себептерді жою үшін шаралар жоспары әзірленеді және бекітіледі. |
| **Мерзімінен бұрын өтеу** | Осы шығарылым облигациялары бойынша мерзімінен бұрын өтеу қарастырылмаған. |
| **Орналастырылған облигацияның өтеуін төлеп алу** | Орналастырылған облигацияның өтеуін төлеп алу «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-4-бабына сәйкес жүргізіледі. Бұдан басқа орналастырылған облигацияның өтеуін төлеп алу қажеттілік бойынша және Директорлар Кеңесі шешімінің негізінде жүзеге асырылады. Бұндай жағдайда мәміле бағасы мәміле жасасу кезіндегі нарық жағдайына байланысты анықталады. |
| **Облигация иеленушілерін эмитенттің қызметі және оның қаржы жағдайы жөнінде хабарлаудың тәртібі** | Эмитент облигация иеленушілерін өз қызметі мен қаржылық жағдайы туралы «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттеріне, сондай-ақ эмитенттің (www.tsb.kz) ресми сайтына, «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржы есептемесі депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайтына ақпараттық хабарлама жариялау арқылы хабарландырады. Бұл ақпарат жүйелі түрде жаңартылып тұрады. |
| **Орналастырылғанда алынған қаражатты пайдалану** | Осы шығарылымның қаражаттарын жұмылдыру мақсаттары:<br>- жұмылдырылған қаражаттар көздерін тездетіп әртараптандыру (диверсификациялау) және мерзімділігінің көбеюі;<br>-орташа мерзімді және ұзақ мерзімді Банк өтімділігін қолдау;<br>-экономиканың нақты секторының инвестициялық жобаларын кредиттеу саласында Банк қызметін жандандыру. |
| **Негізгі борыш пен сыйақыны төлеу үшін қажет эмитенттің ақшалай қаражаты мен дереккөз болжамы**<br>**1-қосымшаны қараңыз** | |
| **Шектеулер (ковенанттар)** | Осы облигациялар шығарылымының анықтамалығында белгіленген облигациялар айналымының мерзімі ішінде эмитент мынадай талаптарды орындауы тиіс:<br>1) эмитент қызметінің негізгі түрлерін өзгертуді қарастыратын эмитенттің құрылтайшылық құжаттарына өзгертулер енгізбеу;<br>2) ұйымдық-құқықтық форманы өзгертпеу;<br>3) облигациялар эмитенті мен биржа арасында жасасқан листинг шартында белгіленген жылдық және аралық қаржы есептемесін беру мерзімдерін бұзуға жол бермеу;<br>4) облигациялар эмитенті мен биржа арасында жасасқан листинг шартында белгіленген облигациялар эмитентінің жылдық қаржы есептемесі бойынша аудиторлық есептерді беру мерзімін бұзуға жол бермеу.<br>Шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда эмитент органы шешім қабылдаған (1 т. және 2 т.) күннен бастап немесе ақпаратты (3 т. және 4 т.) беру мерзімін бұзған күннен бастап эмитент «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде, сондай-ақ эмитенттің (www.tsb.kz) ресми сайтында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржы есептемесі депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайтында ақпараттық хабарлама жариялау арқылы 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде осы бұзу туралы облигациялар ұстаушыларына хабарлайды.<br>Осы бөлімнің 1) т. және 2) т. шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде, сондай-ақ листинг шартында белгіленген соңғы күннен бастап 7 күнтізбелік күн ішінде есептемені (3 т. және 4 т.) бермеген жағдайда облигациялар иеленушісі хабарламаны жариялаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде оған тиесілі облигациялардың өтеуін төлеп алуды талап етуге құқылы.<br>Міндеттемелерді орындауды жазбаша талап етуді алған күннен бастап 50 (елу) күнтізбелік күн ішінде облигациялар иеленушілерінің ағымдағы шоттарына номиналдық құнды және купондық сыйақыны аудару арқылы эмитент өтеуін төлеп алуды талап ету құқығын пайдаланған ұстаушы облигацияларының өтеуін төлеп алады. Облигациялар иеленушісі облигациялар иеленушісінің деректемелері (заңды және іс жүзіндегі мекенжайы, телефондары, электрондық мекенжайлары, банктік деректемелер, ЖСН, жеке тұлға үшін жеке куәлігінің деректері) көрсетілген еркін формадағы өтінішті береді. Шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайдағы өтеуін төлеп алу процедурасы тек облигациялар иеленушілерінің берген өтініштері негізінде ғана өткізілетін болады. Барлық берілген өтінімдерді толық қанағаттандыру мүмкін болмаған жағдайда барлық иеленушілердегі облигациялардың өтеуін төлеп алу өтінім берген облигациялар иеленушілеріне берілген өтінімдер кезектілігінің тәртібінде жүзеге асырылады. Өтеуін төлеп алуға өтінім бермеген облигациялар иеленушілері осы анықтамалықта көрсетілген осы шығарылымның айналым мерзімі аяқталған кезде оларға тиесілі облигациялардың |

| | |
|---|---|
| | өтелу құқығына ие. |
| **Опциондар жөнінде ақпарат** | Осы облигациялар шығарылымымен опциондар қарастырылмаған. |
| **Облигацияларды айырбастау** | Облигацияларды айырбастау болжанбаған. |
| **Облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі** | Облигациялар «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабының 1 т. сәйкес бүкіл айналыс мерзімі ішінде ұйымдасқан нарықта орналастырылады. Эмитент инвесторлардың шектелмеген топтары арасында облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі туралы ақпаратты эмитенттің (www.tsb.kz) сайтында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржы есептемесі депозитарийінің (www.dfo.kz) сайтында орналастырады. |
| **Облигацияларды төлеудің тәртібі мен шарттары** | Ұйымдасқан бағалы қағаздар нарығында облигацияларды орналастыру кезіндегі төлеу тәртібі мен шарттары сауда-саттық ұйымдастырушысының ішкі құжаттарымен анықталады. |

**Басқарма Төрағасы** **Д. Жақсыбек**

**Бас бухгалтер** **Н. Багаутдинова**